**«Бала және театр» жобасы үйірме жұмысының**
**2022-2023 оқу жылы бойынша қорытынды есебі.**

«Бала және театр» жобасы 2,3 және 5,6,7 сыныптарға арналып бағдарламасы мен тақырыптық жұмыс жоспары құрылып, жоспарға сай жұмыстар жасалды. Үйірме жұмысына барлығы 24 қамтылды.

**Мақсаты:**оқушылардың рухани дүниесін байыта отырып, эстетикалық, көркемдік, адамгершілік, азаматтық тәрбие беру. Оқырмандық, көрермендік талғамды қалыптастыру.

**Міндеті:** әдебиетті өнер табиғатына сай оқи білуге, мән -мағынасын терең түсінуге мүмкіндік туғызу.Жеке тұлғаның эмоциялық мәдениетін қалыптастыру. Актерлік шеберлігін дамыту.

Кестегі сәйкес аптасына төрт сағат өтілді. Бекітілген кестеге сай үйірме жұмысы уақытылы жүргізілді. Жоспарланған барлық тақырыптық-күнтізбелік жоспардағы сабақтар өтілді. Оқушылар толық меңгерді. Үйірме жұмысы бойынша төмендегідей сыныптан тыс жұмыстар жүргізілді.

Үйірме жұмысы бойынша гуманитарлық пәндер бірлестігінің ұйымдастыруымен Ахмет Байтұрсынұлының 150 жылдығына орай апталық шараға қатыстық.



**Тақырбы: Мысал жанрын дамытушы**.

**Мақсаты:** оқушыларға Ахмет Байтұрсыновтың мысалдарымен таныстыру еркін ойлауға үйрету. Мысал жанрының мәні мен ерекшелігін түсіндіру.

Ахмет Байтұсрсынұлының мысал әңгмелерін үстелді театрда орындады.

Үйірме жұмыстары бойынша аудан, облыс көлемінде төмендегідей іс-тәжірибелер таратылды.






Аудандық білім бөлімінің жоспарына сәйкес бастауыш пән мұғалімдеріне «Бастауыш сынып оқушыларының шығармашылық қабілеттерін дамыту» тақырыбындағы семинар жұмысында Ахмет Байтұрсыновтың «Арыстан, киік һәм түлкі» мысалынан көлеңке театр жанрында қойылым қойып, іс –тәжіриебемен бөлістім.




Ақтөбе облыстық ғылыми-тәжірибелік орталығының жалпы білім беретін мектептердің және балаларға қосымша білім беру ұйымдарының театр үйірмесінің жетекшілеріне

арналған **«Театр -өмір айнасы»** тақырыбындағы облыстық шебер -класқа қатысқаны үшін Сертификат.

**Үйірме жұмысы бойынша оқушылардың жетістіктері:**







Облыстық **«Үздік ертегіші»** байқауының аудандық кезеңінен үйірме оқушылары қатысып Қайыржан Нұрислам, Рза Әділет жүлделі III орындарды алды.

**Оқу жылында жасалған жұмыстарды қорытындылай келе алдағы оқу жылына ұсыныс: балалардың актерлік шеберліктерін шыңдау үшін мектепішілік шараларда жиі қойылымдар қойып және аудандық, облыстық байқауларға қатыстырып, оқушылардың жан –жақты ашылуына мүмкіндіктер жасау.**

**Үйірме жетекшісі: Қалиева Б.С**